



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№38(10 241)

13 қыркүйек

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



Құрметті депутаттар, құрметті жиынға қатысушылар!

Жыл сайынғы маслихат депутаттары алдындағы есебінде ауданымыздың экономикалық көрсеткіштерінің орындалуына қысқаша тоқталып, әрі қарай 2024 жылдың 1 жартыжылдығында атқарылған жұмыстар бойынша баяндауға рұқсат етіңіздер.

Ауданымыздың 1 жартыжылдықта әлеуметтік - экономикалық дамуында негізгі салалар бойынша міндеттемелер орындалып, көрсеткіштер өткен жылмен салыстырғанда жақсарды, атап айтқанда: Жалпы ішкі өңірлік өнім (ЖІӨ) 19 млрд 702,6 млн. теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда 132,7 % құрады.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2 млрд. 438,0 млн. теңгені құрады. Негізгі индекс көлемі - 447,1%.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 10 млрд. 862,1 млн. теңгені құрады. Негізгі индекс көлемі - 192,2%.

Жеке инвестициялардың үлесі 64,2%, немесе 6 971,0 млн. теңге,

бюджеттік инвестициялар - 35,8%, немесе 3 891,1 млн. теңгені құрады.

Ауылшаруашылығы өнімінің көлемі 10 млрд. 513,5 млн. теңге. Негізгі индекс көлемі - 103% құрады.

Құрылыс жұмыстарының көлемі 6 млрд. 751,0 млн. теңге. Негізгі индекс көлемі - 190,3% жетті.

4,7 мың шаршы метр тұрғын үйлер іске қосылды, 144,7%.

Бөлшек тауар айналымы 522,7 млн. теңге құрап, нақты көлем индексі 100,3%.

Бюджетке 2 353,4 млн. теңге салықтар түсіп, тоқсандық болжам 119,6% орындалды.

2024 жылдың 1 жартыжылдығында ауданның әлеуметтік - экономикалық даму көрсеткіштері толығымен орындалды.

Ауылшаруашылығы саласы

Ауданның жалпы аумағы 1 млн. 259 мың 293 га құрайды. ауылшаруашылығы мақсатындағы жер 757 мың 186 га, оның ішінде: 37 мың 901 га суармалы егістік,

49 мың 995 га тәлім егістік,

22 мың 385 га шабындық,

646 мың 215 га жайылым,

21690 га басқадай жерлер.

Аудан бойынша барлығы: 2729 жер пайдаланушы бар. Оның ішінде: 2622 шаруа қожалықтары,

Ауданымыздың экономикалық көрсеткіштерінің орындалуы

Ақсу ауданының әкімі Б.Тынышбаевтың аудандық маслихаттың депутаттары алдында өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы Есебі



57 шаруашылық серіктестер, 3 өндірістік кәсіпкерлер, 2 басқадай шаруашылықтар.

2024 жылы мемлекет қорына 15 мың га жер қайтару жоспарланған.

Бүгінгі күнге 8,2 мың гектары, немесе 54,6% ауданның арнайы жер қорына қайтарылды, бұл жұмыстар жалғасуда.

Жетісу облысы жер ресурстарын басқару департаментіне барлығы 62,7 мың га жайылым жер шара қолдануға берілді.

2024 жылы ауылшаруашылығы мақсатындағы конкурс өткізуге бюджеттен 27 млн. теңге бөлінді.

Оның 4 өтті, (Ақсу, Ойтоған,

Б.Сырттанов, Қаракөз), жыл соңына дейін 5 конкурс өткізу жоспарлануда. (Қарашілік, Есеболатов, Арасан, Қызылағаш Қапал)

6 айдың қорытындысы бойынша өндірілген жалпы өнім көлемі 10 млрд 513 млн. теңгені құрап, нақты өнім көлемінің индексі өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 103 % құрады.

Ауылшаруашылығы саласына 402 млн. теңге инвестициялар тартылды.

Биылғы жылы 62 мың гектарға ауылшаруашылығы дақылдары себіліп, өткен жылмен салыстырғанда 5,1 мың гектарға артты.

28,5 мың гектарына дәнді-дақыл (2023 жыл 24,9 мың га),

2,2 мың гектарына қант қызылшасы (2023 жыл 0,97 мың га), 16,7 мың гектарына майлы дақылдар (2023 жыл 17,2 мың га),

1,5 мың гектарына картоп, көкөніс, бақша дақылдары (2023 жыл 1,17 мың га),

13,1 гектарына мал азығы дақылдары себілді. (2023 жыл 12,4 мың га).

Су үнемдеу технологиясы 16 шаруа қожалықтарында қолданылып, жаңбырлатып және тамшылатып суғарумен барлығы 1,8 мың гектар алқап қамтылды.

2024 - 2025 жылдардың мал қыстату науқанына

386 мың тонна жем-шөп дайындау жоспарлануда

227,9 мың тонна шөп,

27,5 мың тонна пішендеме,

42,5 мың тонна сабан,

46,7 мың тонна жемдік азық,

41,9 мың тонна сүрлем.

Дала жұмыстары кедергісіз, сапалы және уақытылы жүргізілу үшін ауданда 418,7 тонна дизель отынының қоры қалыптастырылды, шаруашылықтардың өтініміне сәйкес берілуде.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде биылғы жылы 58 адам 415,8 млн. теңгеге құжаттар өткізді соның ішінде 54 адам 364,93 млн. теңгеге мал шаруашылығы бағытында. Жансүгіров ауылдық округінде бір қант қызылшасы бағытында ауылшаруашылығы кооперативі құрылды. Аудан көлемінде қант қызылшасы бағытында 3 сервистік - дайындау орталығы («Ақмол», «Олжабай», «Аюхан») жұмыс жасайды.

Ағымдағы жылы қосымша 1 - сервистік дайындау орталығы құрылды (Ақсу СДО), 2024 жылы «Жетісу» ӨКК АҚ арқылы 6 комбайн, 5 жапырақшапқыш 13 сепкіш алынды.


Мал шаруашылығы бойынша

Ауданда 3400 мың басқа арналған 9 мал бордақылау алаңдары бар, бүгінгі күнге 0,7 мың бас бордақылануда немесе 21% жүктелген.

Жыл басынан 0,258 мың тонна ет өндірілді. Алдағы уақытта инвестициялық жобамен ЖК «Ералы» 5 жұмыс орны

(Басы. Жалғасы 2-бетте).

Қыстың қамын - жаз ойла!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары! Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты

жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША ӨЗІҢІЗДІҢ ҚАЙ САЙЛАУ УЧАСКЕСІНДЕ ТІРКЕЛГЕНІҢІЗДІ БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ 8(728) 322 21-58 телефон номеріне қоңырау шалсаңыздар болады немесе Ақсу ауданы әкімінің ресми сайтынан біле аласыздар. Бірыңғай байланыс орталығы 109

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы бір жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

Ауданымыздың экономикалық көрсеткіштерінің орындалуы

Ақсу ауданының әкімі Б.Тынышбаевтың аудандық мәслихаттың депутаттары алдында өзіне жүктелген функциялар мен міндеттерді орындауы туралы Есебі



сметалық құжаттамасы әзірленуде (мердігер

«Асем-құрылыс», құны 22,2 млн. теңге, жобалау мерзімі - 2024 жылдың қараша айы).

Биылғы жылы аудандағы жолдарды жөндеу жұмыстарына 6,4 млрд. теңге бөлінген (54,6 км).

Оның ішінде облыстық маңызы бар төрт нысанда жұмыстар жүргізілуде:

- бірінші «Жансүгіров-Матай» (Ойтоған) 47 км автожолының жөндеу жұмыстары 2023 жылы басталған. Биыл жыл соңына дейін бөлінген 451 млн. теңгеге жұмыстарды аяқтап, пайдалануға беру жоспарлануда (жобаның жалпы құны 1,8 млрд. теңге);

- қалған жөндеу жұмыстары жүргізілетін үш нысан («Қапал — Арасан» 0-28 км, «Жансүгіров — Матай» 0-30 км,

Егінсу ауылына кіреберіс 0-4 км) өтпелі жобалар, пайдалануға беру мерзімі 2025 жылдың соңы.

Осы мақсатта биылғы жылға 703 млн. теңге (14,5 км.) қарастырылған (үш жобаның жалпы сомасы 3,6 млрд. теңге, 60,5 км).

Сонымен қатар, биыл Жансүгіров ауылындағы 5 көшеге 7 шақырым, Қапал ауылының 9 көшесіне 4 шақырым, Матай ауылының 3 көшесіне 2,2 шақырым ішкі көше жолдарына жөндеу жұмыстары жүргізілуде (499 млн. тт).

2025 жылға Суықсай, Қопа, Кеңжыра, Есеболатов, Алажиде, Жансүгіров, Қаракөз, Үлгілі ауылдарының көшелерін жөндеуден өткізу жоспарлануда.

2024 жылы құрылыс нысандары бойынша:

«Ауыл — ел бесігі» жобасы — ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсартуға, ауылдарды тұрақты дамытуға бағытталған. Аталған бағдарлама аясында ауданда 1,5 млрд. теңгеге 7 жоба іске асырылуда, оның ішінде:

- Есеболатов (1,25 млрд. теңге), Матай (1,3 млрд. теңге),

Арасан (622,0 млн.теңге) ауылдарында мәдениет үйлерінің құрылысы басталды (әрқайсысы 180 орынға арналған, жалпы құны — 3,1 млрд. теңге, нысанды іске қосу 2025 жылдың сәуір айының соңына жоспарланған, мердігер ұйымдар — «УМИРЗАК» ЖШС, «АТТМ групп» құрылыс компаниясы» ЖШС,

2024 жылға 650 млн. теңге бөлінді, құрылыс жұмыстары мамыр айында басталып, жерді тегістеу, котлован қазу жұмыстары жүргізілуде);

- Көшкентал ауылындағы мәдениет үйіне күрделі жөндеу жүргізіліп, маусым айының 26 күні пайдаланылуға берілді.

(жалпы құны — 310,9 млн.теңге, 2023 жылы 198,5 млн. теңге бөлініп игерілді, 2024 жылы — 112,4 млн. теңге бөлінді, дайындық деңгейі - 95%, аяқтау мерзімі — 01.06.2024 ж.);

- Матай, Көлтабан, Сағабүйен ауылдарында көшелерді жарықтандыруды жаңғырту және салуға 2024 жылы — 721,5 млн.теңге бөлінді (жалпы құны — 1,3 млрд. теңге),

Әлеуметтік сала

Жалпы 2024 жылдың 1 жартыжылдығында ауданда жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысып 625 адам жұмысқа орналастырылды.

Осы ретте ауданда жұмыссыздық деңгейі 5,5%-дан 5%-ға төмендесе, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 25%-дан 23%-ға азайды (4,3 мыңнан 3,7 мың адамға).

Білім беру саласында ауданда 50 ұйым жұмыс істейді, оның ішінде 8 балабақша, 38 мектеп,

2 колледж және 2 қосымша білім беру мекемесі бар.

Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен Көшкентал ауылында 1,8 млрд. теңгеге

180 орындық мектеп 75 орындық шағын орталығымен салынууда (дайындық деңгейі — 56%, аяқтау мерзімі - қазан 2024 ж.),

Көлтабан ауылында 2 млрд. теңгеге 120 орындық негізгі жалпы білім беретін мектебі 25 орындық шағын орталығымен оның ішінде 16% құрылысын осы қордың есебінен қаржыландыруға ұсыныс енгізілді (ЖСҚ-ға түзету енгізілді, ұсыныс 2023 жылғы

28 желтоқсанда енгізілді, қаржы бөлінеуіне байланысты жұмыстар уақытша тоқтатылуда).

Сонымен қатар жалпы сомасы 33,4 млн. теңгеге Арасан ауылындағы Б.Сыртанов атындағы орта мектебіне (17,6 млн.теңге) және Еңбек ауылындағы Қарасу негізгі орта мектебінің жертелесіне (15,8 млн. теңге) күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттамалары әзірленуде.

2023 - 2024 оқу жылында 5 елді мекеннен

81 оқушы мектепке автобустармен тасымалдануда (Бөйтерек, Шолақөзек, Тау Самалы, Қызылжар, Ақтоған ауылдары).

2023 - 2024 оқу жылының 08 қаңтарынан бастап

1 - 4 сыныптағы барлығы 2866 оқушы (оның 976-сы әлеуметтік жағынан аз қамтылған),

5 - 11 сыныптағы әлеуметтік жағынан аз қамтылған 759 бала ыстық және буфеттік тамақпен қамтылуда.

Барлығы - 3625. Ол барлық оқушының 48,6% құрады.

2024 жылға ыстық тамаққа бөлінген қаражат 187 млн. 520 мың теңге.

Алтынарық ауылында орналасқан Қаракемер орта мектеп ғимаратының терезелеріне ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бүгінгі күні 6 млн. 899 мың 999 теңгеммен «ARGYN» мердігер ұйымы қазіргі кезде жұмыстарын жүргізуде, атқарылған жұмыс 50% құрайды.

Ащыбұлақ ауылында орналасқан «М.Маметова атындағы орта мектеп ғимаратына ағымды жөндеу жұмыстарын «ДиАр» жеке кәсіпкері 33 млн. 432 мың теңгеммен 30 % жұмысын атқарды.

Сағабүйен ауылындағы саз мектебі ғимаратына ағымды жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін, «КазСтройСити» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 13 млн. 440 мың теңгеммен жұмыстың 20 пайызын атқарды.

Арасан ауылында орналасқан Б. Сыртанов атындағы орта мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттамасын «КостанайАгропромпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 17 млн. 626 мың 767 теңгеммен келісім шарт негізінде әзірлеуде.

Ағымдағы жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін 4 білім беру ұйымдарына 14,7 млн.теңгеге пандустар орнатылды. (Жансүгіров (2), Қапал, Қаракөз).

3 мектеп және 1 балабақшаға 18 млн. теңгеге жаңа жылыту қазандығы алынды.

Жазғы демалысқа 1 - 10 сынып аралығындағы 7029 оқушының 6828-і қамтылды (97%), оның ішінде қала сыртындағы лагерьлерге 552 бала жіберіледі (1 балаға - 65 мың теңге).

Денсаулық сақтау саласында осы жылдың тамыз айына дейін жергілікті бюджеттен 150 млн. Теңгеге Құрақсу, Қопа және Еңбек ауылдарында 3 блоктық модульді медициналық кешен орнатылды.

Биыл «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында Көкжайдақ (құны - 251,8 млн. теңге), Қаракөз (құны - 250,4 млн теңге),

Жаңалық ауылдарында 3 фельдшерлік-акушерлік пункт (сараптамада) және Ащыбұлақ ауылында медициналық пункт салу жоспарлануда, (сараптамада).

Бүгінгі күні «Ақсу орталық аудандық ауруханасының ғимаратын қайта құру және сейсмикалық күшейту» жобасы бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде, жергілікті бюджеттен 169,3 млн.теңге бөлінді (дайындық деңгейі -18%, мерзімі 2024 жылдың қыркүйек айы). Жалпы жұмыстардың құны 1,8 млрд. теңгені құрайды.

Сағабүйен, Жаңалық және Арасан ауылдарына 77,5 млн. теңгеге маусым айында үш санитарлық автокөлігі сатып алынады.

Аудандық аурухананың медициналық құрал жабдықтармен қамтамасыз ету деңгейін 92%-ға жеткізу үшін 2024 жылы 139 млн. теңгеге 4 медициналық техника сатып алынады (электрокоагулятор, эндоскоптарға арналған кір жуғыш машина, бейне эндоскопиялық стенд, цифрлік флюороаппарат).

Қазіргі күні ауданда 19 дәрігер тапшылығы бар (7 жалпы практика дәрігері, 2- педиатр, психиатр, неонатолог, ЛОР, невропатолог, функционалдық диагностика дәрігері, хирург, кардиохирург, ангиохирург, акушер-гинеколог, сот сарапшысы).

Спорт саласында Қапал ауылында

«Қазақстан Халқына» қоғамдық қоры арқылы спорттық кешеннің құрылысы басталды (құрылыс құны — 160 млн.теңге).

Аталған нысанда ағымдағы жылдың қыркүйек айында аяқтау жоспарлануда (дайындық деңгейі-20%).

Жалпы, 2023-2024 жылдары ауданға инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандарды салуға, қайта жаңғыртуға және жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 12,3 млрд. теңге бөлінді.

ҚР президентінің Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы №826 жарлығына сәйкес 2024 жылға бекітілген жоспарға сәйкес Ақсу ауданы әкімі 1 жартыжылдықта 8 ауылдық округтің халықымен кездесу өтті (Матай 7 сұрақ, Егінсу 2 сұрақ, Қапал 9 сұрақ, Суықсай 6 сұрақ, Арасан 8 сұрақ, Көшкентал 7 сұрақ, Қарашілік 3 сұрақ, Б. Сыртанов 7 сұрақ) аталған кездесулерде тұрғындар тарапынан барлығы 49 сұрақ көтерілді, сұрақтардың шешу жолын қарастыру үшін әр ауылдық округ үшін іс-қимыл жоспары жасалып тиісті әкім орынбасарларымен мекеме бөлім басшыларына жолданды және сұрақ қойған тұрғындардың барлығына заң аясында жауаптар берілді.

Аудан бойынша 2024 жылдың I жартыжылдық есептік кезеңде жеке және заңды тұлғалардан барлығы 673 өтініш келіп түскен аудандық ауылшаруашық және жер қатынастары бөлімі тарапынан 1 өтініштің мерзімі кешіктірілген жауап, кінәлі тұлға тәртіптік жауаптылыққа тартылды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша; Жалпы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны — 1090. Оның ішінде:

Қағаз түрінде, 141 (12,94%).

Электрондық түрде 904 (82,94%).

Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) арқылы - 45 (4,13%).

Сондай-ақ, аудан тұрғындарының қолайлығы үшін 85 өзіне өзі қызмет көсету бұрыштары жабдықталған.

Қадірменді халық қалаулары, жер-лестер!

Ауданда жасалып жатқан жұмыстармен қатар, әрбір салада атқарылатын шаралар бар екенін естідіңіздер. Өзімізге жүктелген міндеттерімізді өз деңгейінде атқарып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту осы отырған біздің парызымыз.

Сіздердің алдыңызда берген есебім қолдау табады деген ойдамын.

Назар қойып, тыңдағандарыңызға рахмет!

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

(Дөңгелек үстел)



Мемлекет Басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында елімізде энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударып, энергетиканың ел экономикасында алатын маңызды орын алатынын айтқан болатын.

«Стратегиялық жоспарларды қоғамда кеңінен талқылау керек деп санаймын. Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр станциясы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек», - деді Мемлекет Басшысы.

Бүгін І.Жансүгіров ауылындағы «Ақын Сара» мәдениет үйінде қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен «АЭС – болашақ кепілі» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға ауданның зиялы қауым өкілдері, асақалдар алқасы мен аналар кеңесінің мүшелері қатысты.

«Ел ертеңі үшін халықтың талқысына түсіп жатқан осы маңызды мәселеде біз бірлігіміз бен ұйымшылдығымызды танытып, келешек ұрпақ алдында қабылданатын шешімнің

маңызын түсінуіміз керек. Атом электр станциясы еліміздің энергетикалық қуатын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашып, әлеумет әлеуетін күшейтуге жол ашатын жаңа жоба болмақ. Сол себепті бұл бастамаға қолдау танытсақ, ертеңгі күнімізге жаңа мүмкіндік береміз», - деді ауданның қоғамдық кеңес төрағасы Ғабит Мұсабаланов.

Дөңгелек үстелде аудандық аналар кеңесінің төрайымы Күләш Ермұхамбетова да сөз алып: «Атом электр станциясының салынуы елде білім мен техниканың, энергетика саласының қарыштап дамуына жол ашады. Бізде де білікті мамандар бар, сол кадрларға жұмыс, АЭС салынатын ауыл маңына жаңадан баспана, жол, жарық келуінің өзі де оң өзгеріс алып келетінін қуантады», - деп пікірін білдірді.

Жиын қорытындысында қатысушылар Мемлекет Басшысы Қ.К.Тоқаевтың бұл бастамасын толық қолдайтынын әрі аудан тұрғындары арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін жеткізді.

М.ШЫНДӘУЛЕТ.



Ақсу агротехникалық колледжінде «Атом энергетикасы - ел дамуының болашағы» тақырыбында семинар өтті.

Семинарды директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Жармұханбетов Нұрлан Жармұханбетұлы ашып, колледждің математика пәнінің оқытушысы, Алматы қаласындағы Қазақстан Республикасы энергетика министрінің «Ядролық физика институтының» түлегі, яғни, осы саланың маманы Баямбетов Әділет Кәкенұлы толық ақпарат беріп, АЭС еліміз үшін пайдасы, Неліктен АЭС – тің Балқаш маңына салынатындығы туралы, АЭС – да өндірілетін өңдірістік және медициналық иатериалдар жайында және АЭС – тің гидроэлектр станциясы мен жасыл энергия, яғни жел мен күннен алынатын энергиядан артықшылығы туралы толық ақпараттар берді.

Білімгерлер атом энергетикасы жайлы ақпараттармен танысып, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды.

Ербол СЫМХАНОВ.

Әдеп Кодексі - әділдік пен адалдықтың негізі

Әдеп кодексі – бұл әлеуметтік және кәсіптік қатынастарда адамгершілік нормаларын, тәртіптерді және мінез-құлық ережелерін белгілеуге арналған құжат. Әдеп кодексі ұйымдар, кәсіпорындар, мемлекеттік қызметтер және тіпті жеке адамдар арасында да қолданылуы мүмкін. Оның негізгі мақсаты адалдықты, ашықтықты және кәсіби этиканы сақтау арқылы қоғамдық және кәсіби қатынастарды жақсарту. Әдеп кодексі ұйым немесе мемлекет тарапынан қабылданған этикалық нормаларды белгілеу арқылы әділ және адал әрекет етуге ықпал етеді. Бұл қызметкерлер мен басшылар арасында сенімділік пен сыйластықты нығайтады. Әдеп кодексі ұйым ішінде құқық бұзушылықтарды болдырмауға және қызметкерлердің құқықтарын қорғауға көмектеседі. Кодекстің болуы ұйым ішінде қандай да бір даулы жағдайлар туындаған жағдайда нақты бағыт-бағдар береді. Әдеп кодексі ұйымның мәдениетін қалыптастыруға және нығайтуға үлес қосады. Ол қызметкерлер мен басшылардың ортақ этикалық стандарттарға сәйкес әрекет етуін қамтамасыз етеді. Кодекс әдептілік стандарттарының мақсаты мен негізгі принциптерін белгілейді. Мұнда адалдық, жауапкершілік, кәсіби шеберлік сияқты құндылықтар көрсетіледі. Әр қызметкер мен басшының құқықтары мен міндеттері анықтайды. Бұл бөлімде жұмыс орындарындағы мінез-құлық нормалары мен ережелер нақты көрсетіледі. Кодекс этикалық тұрғыдан дұрыс емес әрекеттерді анықтап, олардан қалай аулақ болу керектігі туралы нұсқаулар береді. Бұл, мысалы, жемқорлық, дискриминация және қызметтік мәліметтерді теріс пайдалану сияқты мәселелерді қамтиды.

Б.ЕРМҰХАНБЕТОВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі.

ТАҒАЙЫНДАУ



Нұрахметов Мадияр Бекқайырұлы 2024 жылдың 6 қыркүйегіндегі аудан әкімінің өкімімен «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ басшысы қызметіне тағайындалды.

Нұрахметов Мадияр Бекқайырұлы 1987 жылы 15 шілдеде Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында дүниеге келген. 2009 жылы

І.Жансүгіров атындағы мемлекеттік университетті бітірген.

Мемлекеттік қызметті 2012 жылдың Алматы облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылында «Ақсу ауданының жұмыспен қамту орталығы» ММ қызметкері.

2013-2016 жылдары Талдықорған қаласында «Талдықорған қаласы Еркін селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімшесінің жетекші, бас маманы қызметтерін.

2016-2017 жылдары Талдықорған қаласында «Талдықорған қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ұйымдастыру бөлімшесінің бас маманы.

2017-2022 жылдары Талдықорған қаласында «Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманына.

2022-2024 жылдары Талдықорған қаласында «Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің бас маманына болып қызмет атқарды.



Тұрбеков Айдын Ахметұлы Ақсу ауданы әкімінің 2024 жылғы 26 тамыздағы өкімімен «Ақсу ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болып тағайындалды.

Тұрбеков Айдын Ахметұлы Алматы облысы, Ақсу ауданы, Кеңжыра ауылында 1986 жылы 27 қыркүйегінде дүниеге келген.

2004-2008 жылдар аралығында Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетін экономика мамандағы бойынша білім алып шыққан.

Мемлекеттік қызметті 2008 жылдың қараша айының 3 жұлдызынан Алматы облысы, Ақсу ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің ММ-нің бас маманы лауазымына қабылданып 2014 жылға дейін жұмыс атқарды.

2014 жылдың 19 шілдесінен Алматы облысы, Ақсу ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің ММ-нің бас маманы лауазымына ауысқан.

2022 жылдың 04 қаңтарында бөлімдердің қосылуына байла-



нысты Алматы облысы, Ақсу ауданының экономика және қаржы бөлімінің ММ-нің бас маманы лауазымына қабылданып, осы уақытқа дейін жұмысын атқаруда.

Отбасы жағдайы: үйленген, үш баласы бар.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: Елге деген адалдықтың көрінісі



Қоғамның сенімі - мемлекеттік қызметтің сапасына негізделгені айтпасақ та түсінікті. Сондықтан тікелей халықтың мемлекетімізге деген сенімі қызмет көрсету дәрежесіне байланысты өседі. Қазіргі біздің қоғам мемлекеттік қызметшілерден елдік және қоғамдық мүдделерге әділ және адал қызмет етуін, өз күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін отанымыздың дамуына жұмсауын күтеді. Мемлекеттік қызметшінің тұлғалық жетілуі – тұтастай қоғам өзгеруінің алғышарты. Сондықтан да, мемлекеттік қызметшінің тұлғалық болмысы қоғамға үлгі болуы қажет. Ол үшін мемлекеттік қызметші кәсіби, тұлғалық ізгі қасиеттерді бойына жинақтап, іс жүзінде оның нәтижесі көрініп тұрғаны абзал.

Мемлекет басшысы өз Үндеуінде

«Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек. Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес, бұл – туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз» - деп айтқанының өзі елге қалтқысыз қызмет жасау керектігін айқындап отыр.

Барлыбек Сырттанов ауылдық округінде әкім аппараты жұмысының ажырама бөлігі және басты бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақтылы орындалады және тегін

негізде көрсетіледі.

Ауылдық округте ең көп талап етілетін қызмет «Сауда-саттық» (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» болып табылады.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пайдалану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпарат береді. Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметші өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру барысында азаматтардың қажеттіліктерін танып, олардың үніне құлақ асуы керек. Қабылданатын шешімнің заңдылық, объективтілік ережелеріне және мемлекет мүдделеріне сәйкес келуін ескерген жөн. Бұл қағидаттардың барлығы мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастың тұрақты болуына үлкен үлесін қосары сөзсіз!

Жанерке МАХАДАЙ,
Б.Сырттанов ауылдық округінің бас маман іс – жүргізушісі.

ҚОЛБАСШЫ, БАТЫР БӘРІБАЙ САРЫҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА - 330 ЖЫЛ!



Бәрібай батыр

"Бәрібай" Елім ұраның,
Жазылар менің жыр әнім!
Бәрібай Бадам, жайында,
Тамаша өлең құрадым!

Матайдың, Батыр қыраны!
Бәрібай, болған ұраны!
Тау жаққа тігіп жанарын,
Бәрібай Бадам тұр өне!

Найзасын ұстап Байрақты,
Жерімнен қуған, Қалмақты!
Бірігіп Шоңай, батырмен,
Жеңіске жеткен салмақты!
Жетпіс жаста, ер Бадам,
Елімен - Жерін қорғаған!
Матайдан, бастап қалың қол,
Жауына, жерін бермеген!

Қалдан - Церен билеген,
Қалмаққа жерім тимеген!
Қопалдай, батыр Қалмақты,
Найзамен, шаншып түйреген!

Ақсақал жасқа келсе де,
Ақсауран, аттан түспеген!
Сүйегі асыл Бабамыз,
Мықты едің, Мықты не деген!

Шоңай, дай батыр інісі,
Ағасын әр кез демеген!
Жетпіске жасы келсе де,
Жеңіліп жаудан көрмеген!

Ақсауран, аттың үстінде,
Қылышын жауға сермеген!
Қахарына мінгенде,
Бетпе - Бет жауы келмеген!
Қарадан шыққан, Хандай қып,
Түркістанға, жерленген!
Аруақты Батыр, Бабамыз,
Ұмытпайд сені Ел деген!

Бауыржан БОЛАТХАНҰЛЫ.

Жансүгіров ауылы.

Жағымды жаңалық



Биыл батыр Бәрібай
атамыздың 330 жылдығы.
Бүгін - ертең екі күнге созылған
атамызға арналған үлкен ас аудан
көлемінде басталады.

Осы мерекеге байланысты
жерлесіміз, жас қаламгер,
зерттеуші, Науай батырдың
ұрпағы Ерден Нұрахметтің бала
күнгі арманы орындалып, ба-
тыр атасының рухына арнаған
"Шоңай батыр" атты кітабы
шығып, өзінің оқыған Қарашілік
орта мектебінде кітаптың
тұсаукесері болды.

Шараға аудан әкімінің орын-
басары Дәулетбекова Күләйхан
Тұрсынбекқызы, округ әкімі
Кәкімбаев Нұрқуат Демесінұлы,
ауыл тұрғындары мен ба-
тыр ұрпақтары және мектеп
оқушылары шақырылыпты.

Әрине аудандық БАҚ өкілі
ретінде біз де қонақ болып, сол
жағымды жаңалықпен бөліскелі
отырмыз.

Шара барысында аудан
әкімінің орынбасары
К.Дәулетбекова, округ
әкімі Н.Кәкімбаев, батыр
ұрпағы Көпірбаева Күлтай
Байдарханқызы, сынып

жетекшісі Рая Мұхаметқалиева,
ауыл ақсақалдары және журна-
лист ретінде мен де тілегімізді
айтып, құттықтау сөз сөйледік.

Кітаптың тұсауы кесіліп,
ауылдық кітапханаға жап - жаңа
тарихи кітаптар тапсырылып,
қонақтарға бір - бір кітап тара-
тылды.

Сөз кезегін алған автор Ер-
ден Науай бала кезімізде мек-
тептен ауыл маңындағы Шоңай
батырдың батыр ұлдары
Назар мен Нартайлақтың,
яғни "Қос батыр" кесенесінің
маңын тазалауға барғанда осы
аталарымыздың есімдері неге
аталмайды - деп ойлаушы едім.
Қолыма қалам ұстатқан да сол
арман - деген жүрекжарды сөзін
айтты.

Оқушылар ағаларына
сұрақтарын қойып,
қанағаттанарлық жауаптар
алды.

Соңынан батыр ұрпақтары
құран бағыштап, ас беріп,
дастархан басында тарихи
естеліктер айтылды. Келген
қонақтар риза болып тарқасты.

Ербол ӘБДІКӘРІМҰЛЫ.

Өзіміздің ауданның тумасы, жас қаламгер,
зерттеуші Ерден Нұрахметтің «Шоңай батыр»
атты кітабының тұсаукесері өткені тура-
лы айттық. Енді сол кітапты басынан аяғына
дейін оқып шыққан соң Бәрібай бабамыздың 330
жылдық мерейтойына орай Бәрібай батырдың
серігі, түменбасы болған Шоңай батыр тура-
лы осы кітаптан оқырман қауымға автордың
рұқсатымен аңыз әңгімелерден үзінді беріп оты-
рмыз. Осы кітапта химия ғылымдарының кан-
дидаты, «Таза мекен» газетінің құрылтайшысы
және «Қазақ терминологтар ассоциация-
сы» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы
Ерік Аязбаевтың «БӘРІБАЙ - ШОҢАЙ» деген
мақаласында:

«Шоңай батыр әкесі Қожамқұлдың қартайған

НАҒАШЫСЫН ІЗДЕП ШЫҚҚАНДА

Шоңайдың нағашысы Са-
дыр, оның ішінде Алдияр
тармағынан екен. Қабырғасы
қатып, оңы мен солын таныған
Шоңай енді нағашы жұртын
іздеп шығады. Ол кезде ат-
пен жүретін кез. Лепсінің бойы
ма, әлде одан әрі ме, әйтеуір
екі - үш күн жол жүріп, қалың
жылқыны суару үшін қауға тар-
тып жатқан жігіттерге кездеседі.
Атын суарып, өзі де шөл басай-
ын десе, жігіттер:

- Байдың жылқысын суаруға
уақытымыз жетпей жатыр, сен
тұра тұр, - дейді.

Жігіттердің қауға тартысына
көңілі толмаған Шоңай:

- Жігіттер, мен атым-
ды суармай-ақ қояйын.
Қауғаларыңды беріңдер, мен
тартайын, - дейді. Шаршап, бол-
дырып тұрған жігіттер:

- Е, бұл бір еріккен жан бол-
лар, тартсыншы, — деп, бір
жағы сылтыңға бұрып қауғаны
ұсынады.

Бейтаныс жолаушыларының
қауға тартысы сылтың қылмақ
болған жігіттердің езуіне
үйірілген күлкіні тез-ақ тарат-
са керек. Қарулы жігіттің қолы
қолына жұқпайды, шыңыраудың
дересінен төрт жігіт қолдасып
өзер науаға көтеріп құятын
қауғаны бір өзі ұршықтай үйіріп
өкetedі.

Сонымен, күнделікті қас
қарайып, ымырт жабылғанда
суғарылып болатын жылқы
екінді кезінде-ақ су ішіп, өріске
шұбырады. Содан, жолау-
шы жігіт атын суарып, өзі де
шөлін қандырып, енді аттан-
найын деп тұрғанда, есік пен
төртеу атқа мінген, екі жағында
екі қошеметшісі бар бір алып
тұлғалы адам келеді. Ол келе
жігіттерге:

- Жылқылар су ішіп болды
ма, құдық маңында жылқы жоқ
қой, - дейді. Олар: «Байеке,
жылқылар су ішіп болды...»
дейді.

шағында дүниеге келсе керек ата - анасы-
нан ерте айрылады да, Бәрібай батырдың
тәрбиесінде болады. Он алты жасқа келгенде
Бәрібай Шоңайды нағашыларына көрісіп келу-
ге жібереді. Шоңай нағашыларында жүргенде
қалмақ шапқыншылығы «Ақтабан шұбырынды»
басталады. Ол 1723 жыл. Сонда Шоңай
батырдың туған жылы 1707 жыл болып шығады
- деген мәліметтер бар екен. Ал, Шоңай
батырдың нағашылары Садыр Алдияр батыр
екені белгілі. Енді осы мәліметті дәлелдейтін ел
аузындағы аңыз әңгімені жеткізуші Өтепберген
Ақыпбекұлының екі әңгімесін осы кітаптан алып
жариялап отырмыз.

Е.СЫМХАНОВ.

- Әй, сендер бұл уақытта жылқы
суарып болмаушы едіңдер ғой...-
дейді алып тұлғалы адам.

- Мына жолаушы жігіт қауға
тартысып еді, қарулы екен...
Бүгін жылқылар ерте ішті, —
дейді жылқышы жігіттер.

Алып тұлғалы адам Шоңайдың
бетіне бір қарайды да, ат басын
бұрып кейін қайтады. Шоңай да
атына міне сала, алып тұлғалы
байекеңнің артынан еріп оты-
рады. Бай үйіне түскен соң,
ол да артынан ере кіреді. Оны
қошеметтеп, құрметтеген ешкім
болмайды.

Аз-кем уақыттан соң байға су-
сын әкеледі, сусыннан Шоңайға
да құяды. Шоңайдың қимылына
көз қиығын салып отырған
бай оның қымыз сілтесінің
де өзгелерден ерекшелігін
байқайды. Өдетінше сусын арты-
нан ет келеді. Жолаушы жігіттің
ет жесі де, қарытуы да ерек-
ше екен. Қонақ кедесін жасап,
Шоңай далаға шыққан кезде бай
үйде отырып:

- Жаңағы жігіт кім? Сендер жөн
сұрадыңдар ма, бір ерекшелеу
адам көрінеді ғой, — дейді.

- Сіздің артыңыздан еріп кел-
генге, таныстарыңыздың бірі
шығар дедік, - дейді отырғандар.

Атын жайғап қайта оралған
Шоңайдан отырғандар жөн
сұрайды. Сонда Шоңай: «Мен
Қаптағайдың ішіндегі Жұмай
деген елдегі Қожамқұлдың баласы
Шоңаймын...» деп сөз бастайды.
Сол, сол-ақ екен, екі кісіге сүйеніп
өзер көтерілетін бай орнынан өзі
қарғып тұрып: «Тәубе, тәубе!..
Аллатағалаға, сені де көретін күн
бар екен ғой... Марқұм өкемнен
қалған ұрпақ Шоңайым сен
екенсің ғой!..» деп өкіріп жылап,
Шоңайды бас салыпты. Нағашы
мен жиені осылай табысқан
деседі.

Шоңайға нағашысы айрықша
құрмет, қошамет көрсетеді.
Түн ішінде ту байтал алдырып
сойғызды. Осындай думанның

ШОҢАЙ - АҚЫЛЕК



Шоңай батырдың бірінші әйелінен Назар мен
Нартайлақ, екінші әйелінен Елшібай мен Атан
есімді ұлдар тараған. Ел ішіндегі ақсақалдардың
айтулары бойынша Шоңай батырдың жары
Ақбілек туралы мынандай аңыз бар.

Баяғыда, бір түйе құдыққа құлап, соны төрт
- бес жігіт жабылып тартып шығара алмай әуре
- сарсаңға түседі екен. Су алуға келген Ақбілек
жігіттердің құйбеңін жақтырмай:

- «Кейін тұрыңдар!..» деп, бұйданы білегіне екі
орап жіберіп иығына салады да, түйені жалғыз өзі

құдықтан сүйреп шығарады. Осы оқиғаның үстінен
шыққан Шоңай Ақбілекке ғашық болып, кейіннен
үйленген екен. Қос ұлы Назар мен Нартайлақ
жоңғарлармен болған Аңырақай шайқасында
өзімен бірге шайқасып, ерлікпен қайтыс болады.
Шоңай екі ұлын екі атанға артып қазіргі Алматы
облысы Ақсу ауданы Қарашілік ауылының маңына
өз қолымен жерлеген. Ол жер қазір «Қос батыр»
деп аталады.

**Аңызды жеткізуші Өтепберген
АҚЫПБЕКҰЛЫ.**

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Күйдің жарқын бейнесі, күңгей әуені Құрманғазыға тән күшті күйшінің творчестволық бағытта жаңа кадам ұруға айналғанын көрсетеді, жаңа бір ізденулердің барлығын сипаттайды.

Құрманғазының бұл кезеңдегі күйлерінің сырт түрлері де, ішкі мазмұндық жақтары да еркіндік желінің соғуын күткендей ұғым береді. Осы белестің күйлері бірінен - бірі өткен пәрменді, көтеріңкі, шалқыған. Әрине, бұл айтылғандардың сыры күйлердің әрқайсысында жеке тоқтағанда толық ашылады. Өйткені Құрманғазының қай кезеңінің күйлері болса да оларды шығулары күйшінің өскен, жүрген ортасының жағдайларымен, оқиғаларымен байланысты. Күйлердің ішінде автордың өз басынан кешкен өмір суреттері де жоқ емес. Бірақ Құрманғазы күйлері тек «өмірбаяндық» шығарма десек, біз олардың творчестволық құлашын тарылтып, күйшінің қуат шеңберін қысқан болар едік.

1850 жылдар шамасында Құрманғазы бұл сапарынан еліне қайтады. Өзі кеткен төрт - бес жыл ішінде біраз өзгеріс болған шығар деп, Жайықтан кесіп өтіп, батыл түрде Бөкей хандығының жеріне кіріп, өзінің аулын тауып алады. Өмір тауқыметін көп тартып, оның үстіне жас-тары келіп қалған, қажаған әке - шешесін көріп, оларды аяйды. Сағырбай болса баяғы қырғиқабақтықты қойып, жақсы көретін баласының тілегін тілеп, тек бөле - жәледен аман етсін деп қана отырған екен. Алқа әлі де қайратты, Құрманғазының жақсылы - жаманды елге шығып келе жатқан атағына риза болып, баласының бірбеткейлігін өзінің сол бағытта өсіргенін көріп, сөкпей, налытпай, көрген - білгендерін ұзақ түн бойы тындап, іштей шүкір етіп қойып жүрді. Ал, Байғазы бұл кезде ер жетіп, о да «қой аузынан шөп алмайтын» момын емес, кісіге есесін жібере қоймайтын қажырлы жігіт болып өсіпті.

Байғазының арқасында жас ортасынан асып кеткен әке - шеше киім - тамақтан тарықпай күнелтіп отыр екен. Бірақ жоғарыда аталған Әубәкір әлі де Сағырбайдың соңына түсініп қоймай, реті келген жер болса, зәбір көрсетіп жүреді екен. Бұл қорлыққа шыдағысы келмеген Құрманғазы Әубәкірден күшпен өшін алмақ болады. Бұл сапар Сағырбай мен Алқа бірігіп, Құрманғазының бұл алған бетін құптамайды. Былай да Әубәкірден көрген қорлығының аз болмағанын айтты, ондай іске ұрындырмайды.

Олардың пікірінше, Құрманғазы Әубәкірге барып көп жылдардан бері бермеген әкесінің ақысын сұрау керек болады. Құрманғазы Әубәкірден ондай қайыр күтуге болмайтынын айтып, қаншама таласса да, әке - шешесі болмағасын ақсұр атқа мініп, Ақбайдың Әубәкірінің аулына келеді. Әубәкір Құрманғазыны салқын қарсы алады. Ақысын қайтарып беру былай тұрсын, «ә, қашқын, келдің бе» деп, сойыл соғарларына Құрманғазыны ұстап байлатуға айналады. Сонда күйші тұрып, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ емес пе?» деп сөз сұрайды. Әубәкір жігіттерін тоқтатып «сөйле олай болса», дейді. Құрманғазы:

«Әубеке, құдай куә, жазғаным жоқ,
Мен ұрлап жалғыз тайың алғаным жоқ,
Жабылмай, күш сынсаң

жеке шық та,

Алысып өліп кетсем арманым жоқ!», - дейді. Одан әрі Құрманғазының сөзін тындамай, айқайлап, балағаттап, жігіттеріне «жабыл» деп нұсқайды. Құрманғазының әлді қолдарының дәмін татқан жігіттер біріндеп ысырыла береді. Біреуі барып ақсұр атты мініп қашқысы келіп, қаңтарып тастаған жерден тізгініне жармаса бергенде ат жігітті тістеп, теуіп жолатпайды. Әубәкір қорыққаннан бейбішесінің артына тығылып, далаға шығуға да жарамай қалады. Құрманғазы аман - есен үйіне келіп, болған жайды әке - шешесіне баяндайды. Олар баласының ақылын алмағанына қынжылады. Сонда да көптен сағынып қалған Құрманғазыны жібергісі келмей, үйде біраз болуын тілейді.

Құрманғазы айтқан қауіпін олар ескере қоймайды. Бірақ қаніпезер Әубәкір көп адаммен келіп, қапылыста Құрманғазыны ұстап байлап, арбаға жауу тіркеп, қолына қолеткі, аяғына кісен салып, айдап кетеді.

Құрманғазы Орал түрмесінде жатып қалады. Бұл түрменің Орда түрмесіндей емес, мықты екенін көріп Құрманғазы біраз налиды.

Бірнеше күн ешкіммен тілдеспей, өзімен өзі болып, қалың уайым теңізіне батады. Бір күні қысқа серуен кезінде Лавочкин деген орыс тұтқынымен танысады. Ол «ақ патшаға тілі тигені үшін» қамалған орыс жұмыскері болып

шығады. Өзі қазақ арасында көп болып, қазақша сұдай білетін болады. Ол Құрманғазыны жұбатып, көптеген ақыл айтып, өзінің өмірінен, орыс жұмысшы табының күрес тарихынан біраз шежіре айтады. Екеуі енді айрылмас дос болып сырласып, ақылдан отыратын болады. Құрманғазы Лавочкин арқылы түрме күзетшілеріне жалынып, бір жаман домбыра алдырып, соны анда - санда ермек етеді. Лавочкин екеуі талай - талай бастан өткен оқиғаларын айтысып, әңгіме

Құрманғазы

шертеді. Бір күні Құрманғазы Лавочкинге өзінің осы жолға шығардағы басынан кешкен бір кебір баяндайды.

«Ақбаевтың атаман - шабармандары ұстап алып көкарбаға тіркеп, енді жүргізейін деп тұрғанда шешем Алқа келе жатқанын көрдім. Әлпештеп өсірген анама әлі күнгі бір қызмет ете алмай, оны үнемі қауіп - қатерде, жоқшылықта ұстап келгенім, енді, міне, көп жылдан бері келгенде тағы да оны пұшайман етіп кетіп бара жатқаным ойыма түсіп, шыдай алмай, көзімнен бір тамшы жас шығып кетті. Сонда қайран шешем менің қасыма келіп: «Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық неме екен ғой туғаным. Кімнің алдында көзіңнің жасын шығарып тұрсың!» - деп жағымға шапалақпен тартып - тартып жіберді. Сонда ғана мен әнтектік жасағанымды сездім. Анама күле қарап, хош айтыстым» деді.

Құрманғазының бұл әңгімесі Лавочкинге үлкен әсер етеді. Ол өзінің шешесінің талай мейірбанды істерін есіне алып, біраз әңгіме етеді. Құрманғазы болса ол шешесінің жас кезінде қандай сотқарлығы болса да кешіріп, қандай тентектігі болса да Сағырбайдан араша лап, қалай да Құрманғазыны қақпайламай, бірбеткей етіп өсіруге тырысқанын, ондай бірбиенің Құрманғазы өмірінде үлкен роль ойнағанын күйші қайта - қайта есіне түсіріп, небір еркеліктерін көз алдына елестетіп, көрер танды көзімен атырды. Қатар жатқан Лавочкин де өзімен - өзі сырласып, о да аунақшып ұйықтай алмай шықты.

Ертеңінде Құрманғазы ойланып-толғанып, қолына жаман домбырасын алып, қолы хат білмесе де, ардақты анасының айта қалғандай «жазасын» қағаз бетіне түсіретін мүмкіншілігі болмаса да, домбыраның қос ішегінде бір ескерткіш қалдырайын деп күй шертті. Оны Лавочкинге тартып бергенде екеуінің ерлігі де бір сәт кейінгі планға шыға тұрып, кішкене көз жастарын төгіп алды.

Бірақ өмірдің небір өткел бермес асуларын, асқар белдерін өткен қайратты жігіттер тез өздерін өздері жинап алып, күйді қайта - қайта орындап, тындап, оның ішінде тек сағыныш ноталары ғана емес, күш - қуат барын, тіпті, сартылдап қашып бара жатқан аттың тұяғының сарыны барын есіткенде, бірін - бірі тілсіз түсініп, ол сарынның арман даусы екенін біліп қойды. Ақылдасып келіп, күйдің аты «Қайран шешем» болды.

«Қайран шешем» күйі қапастағы халды суреттегендей басында жаяп басталады. Үстіңгі ішектегі толқи басталатын қысқа фраза ырғақтық жағынан болашақ күйдің кестесін береді де, мелодиялық жағынан ауыр күрсінуге кейіпін суреттейді. Одан әрі осы қысқа тақырып - дөң кеңейіп, сағыныш кейіпті үндер шығады.

Музыкасында «қайран шешем» деп сөйлеп тұрғандай, адам тілімен айтқандай дыбыс естіледі. Осы бір жағдай аз уақыт қайталап, кідіріп тұрады да, кенет музыка басқа кейіпке көшеді. Музыка әсерленіп, қызынып, туған айдай жарқ етіп жадарғай түседі.

Күйдің ырғағында жоғарыда айтылғандай атшабыстың сарыны анық естіледі. Ауыртпалықта баласына жаза арқылы да болса күш берген алып ананың образы өткендей болады. Сағаға (домбыраның сағасы. - А.Ж.) түскен сайын күй үдей, шалқи түседі, ат тұяғының сартылдаған дыбыстары үдей береді. Күй аяқ шенінде тағы да ауырлап, бірақ қамығу емес, «Уәйім - ер азығы» деген сияқты мақсат салмағын ақылмен өлшеу, ойлану сияқты кейіп аңғартады. Қалай дегенмен де қапастағы хал - «екі езуі құлағында» болатын жағдай емес екенін осы бір аяққы бөлімі сездіргендей.

Қазақ музыкасымен жете таныс болмаса да, қазақтың әншілерін, күйшілерін көп тындап, біраз «көзі ашылып» қалған Лавочкин, күй тындап болғаннан кейін Құрманғазыға өзінің сезгенін, алған әсерін айтады. Досының өз ойынан шыққанына Құрманғазы да риза болады. Олай

дейтініміз, күйдің ортасында келетін атшабыс ырғағы күйшінің анасына деген барлық жылылығымен бірге, қашу да ойында барлығын меңзеген болатын. Екі тұтқын музыка тілінің мұндай өткірлігін тағы біраз әңгіме етіп, күлісіп те алды. Жаман домбыраның біраз қолқабысы тигенін де айтысып, музыканың адамды рухтан-дыратын қасиетіне тоқтады.

Осы кезде түрме қарауылшыларының бірі Лавочкинге оның шешесі келгенін хабарлайды. Ол түрме бастықтары ұлықсат

еткен бөлмеге барып шешесімен көріседі. Шешесі пісіріп алып келген тамақтарын надзирательдің көзінше баласына береді. Бір нанның ішінде болат ара барын ыммен білдіреді. Шешесі қоштасып кеткенін, Лавочкин тамақтарды камераға алып келіп, болған жайды Құрманғазыға баяндайды. Екеуі қашу жоспарын жасап, ол ойларын өздеріне ішартып жүрген баяғы домбыра алып келіп берген надзирательге білдіреді. Ол бұларға жәрдемдесуге уәде береді.

Бір түнде екеуі болат арамен кісендерін кесіп, қашуға дайындалады. Қашу жоспары өбден піскесін Құрманғазы көңілденіп, «бұл оқиғаны да ескерусіз қалдырамыз ба» деп, тағы күй шертеді. Бұл күйді тындаған Лавочкин Құрманғазыға:

«Е, нағыз қашатын күй мынау ғой, әкімдердің біреуі есітіп, ойымызды біліп қалар, жетер», - деп күліп, тоқтатады. Сонымен күйдің аты «Түрмеден қашқан» болып кетеді. Шынында да, «Түрмеден қашқан» күйінде басынан аяғына шейін тынымсыз атшабыс ырғағы бар. Екпіні еш уақытта әлсіремейді, баста қуғаннан аяғынан бір-ақ шығады. Күйдің жылдамдығы сондай - жеке домбырада тартатын шеберлердің бірі бірдей өз екпінінде «Түрмеден қашқанды» аяғына шейін тартып шыға алмайды. Ал оркестрде өз екпінінде таза тарту тіпті қиын.

Айтушылар Құрманғазы осы күйді тартып отырғанда, түрменің тұсынан бір чиновник өтіп бара жатыр екен. Ол тұра қалып, күйдің басынан аяғына шейін тындап болып, басын шайқап: «Мына бір қазақтың домбыра тартысы маған ұнамайды, қашып кетіп жүрмесін, мықты болындар!» - деп, түрме бастықтарына айтып кеткен екен дейді. Осы хабарды әлгі достасып жүрген надзиратель арқылы Лавочкин есітіп барып, Құрманғазыға қалжындаған деседі. Ал «Түрмеден қашқан» күйінің қандай жағдайға арналып шығарылғанын айтпаса да, музыканы түсінетін адамдар оның дыбысынан тарсылдаған тұяқ дауысын есітеді.

Құрманғазы мен Лавочкин сол түні түрмеден қашып кетеді. Ол айналаны шарлап тастаған күйші небір жыра - жықбылды тауып, сәтте - аққаралары көрсетпей алыстап кетеді. Оның үстіне жәрдемдескен надзиратель де қуғыншылардың маңдайын басқа жаққа бұрып жібереді, бұларға біраз уақыт ұтқызады. Ен далаға шыққансың бұлар еркінрек жүреді. Бір күн, бір түн жүріп, таң ата Лавочкиннің бір таныс балықшысының үйіне келіп, дем алып, тамақтанады, аздап өздеріне - өздері келіп, қуаттанады. Бірнеше күн болып тыныққансың, Құрманғазы түрме досына өзінің еліне қайтуы керектігін, онда қалған ата - ананың хал - жайын білуі керектігін айтады. Лавочкин қимас жолдасымен айырылудың керек екенін білсе де біраз уақыт тағы отырып әңгімелеседі. Құрманғазы қолына домбырасын алып, тағы бір күй шертеді. Ол күйдің бұрынғы өзі естіп жүргендерге ұқсамайтынын, күйшінің тағы бір творчестволық жаңалығы екенін Лавочкин сезеді де, еш нәрсе демей тындап, үлкен ойға батып отыра береді. Күйді аяқтағанын, Құрманғазы Лавочкин досына қарап: «Ананың бәрі де ана, қай тілде сөйлесе де олардың балаға деген мейірбандықтарының тілі әркімге де түсінікті, мына менің жалпыға тілі түсінікті күйімді сол орыс анаға - Лаушкенге арнаймын», - дейді. Құрманғазының «в», «ч» дыбыстарына тілі келе қоймайтын. Сондықтан күйшінің өзі айтқандай халық арасында бұл күй «Лаушкен» атанып кетті.

Досының мұндай сый тартқанына Лавочкин қатты риза болып, өзі домбыра тарта алмайтынына қынжылып, бірақ «сенің қолыңнан бұл күй халыққа жайылады ғой, шешеме көргенде айтармын» деп уәде беріп, құшақтасып қоштасып, екеуі екі жаққа қарай жүріп кетеді.

Құрманғазы жаяулап жүріп отырып күндерден күн өткенде аулына келеді. Әке - шешесі қуанып қарсы алады. Бірақ тағы

да қуғыншы келе ме деп қауіптенуден де құр болмайды. Күйшінің өзі де қауіптенеді. Алайда «не көрмеген басым» деп ата - анасын жұбатып, енді өмір образын біраз өзгертіп келгенін хабар береді.

Ақы бермеген байлардан барымталап ат мінгені «қылмысының» басы болғанын Құрманғазы сезеді. Сондықтан енді біраз уақыт басқа жолмен күн көруді ойлап, қолының күшін жұмсап, табан ет, маңдай терімен бір кәсіп істеу талабында болады. Бір жағынан өзін ұстап айдатқанда Әубәкірдің ақсұр атты алып кетіп, жаяу қалдырғаны жанына қатты батады. «Ат - ердің қанаты», сол қанаты қырқылғандай болады. Бұрынғыша тағы барып, бір байдың не төренің атын мініп кетуге тағы да қартайып келе жатқан әке - шешемді азаптап ма деп қорқады. Сағырбай мен Алқа да баласының осы бір алған бетін қостайды. Сөйтіп, сол өредегі Құлман деген байдың шөбін шабуға кіріседі. Жаз бойы шалғы шауып, еңбегімен тағы айналаға көзге түседі. Қайратты білек покоста тіркесіп түскенде алдындағыларды өкшелеп састырып, артындағыларды көш жерде қалдырады. Кешкілік демалыс кезінде домбырасын алып небір жақсы күйлерді шертіп, олардың әңгімесін айтып, айналасындағыларды тамсандырады. Құлманның көбелінің көлеңкесі концерт сахнасындай болып, Құрманғазының күйінің даусына басқа малшылар, жалшылар, жақын ауылдың қыз - қырқындары келіп тындайды. Жоқшылықтың осы сияқты адамды байдың шөбін шаптырып қойғанына тындағандар налиды. Бірақ қолдан келер айла жоқ, бастарына түскен ауыртпалыққа көніп жүре береді.

Құлман бай Құрманғазының орақ үстіндегі қимылын талай рет келіп көріп, риза болып кеткен болатын. Өйткені, Құрманғазы өзі ғана жұмысты өнімді істеп қоймай, айналадағыларды да сүйреген - ді. Оны көрген бай екі миығынан күліп, мез болып, ісінің сәті түсті деп семіріп кеткен. Бірақ қанағатсыз жан жолдасы болған Құлман Құрманғазыға баста келіскен қысырдың тайын бермей, қыстан жүдеп, қарны мөстей болып шыққан, жаз бойы жүнін тастай алмай жүрген бір кішкене арық жабағыдан аз алдағы тайсымақты берді.

Тайдың сиыр құймышақты, бота тірсекті маймақ болуы Құлманға ұнамаған болу керек. Бірақ кішкене басына, үлкен көзіне, дөңгелек тұяғына қарап, Құрманғазы ішінен байдың ұтылғанын сезеді.

Күйшінің жорамалдауынша мына тай қазақтың байырғы жылқы тұқымынан емес, қайдан да болса түрікпеннің теке-жәумітіне шатысы барлығын біледі. Әсіресе, құймышағы мен тірсегі танытады. Айтқанындай торы тай құнан шыққансың - ақ өзгеріп сала береді. Маймиған тірсек түзеліп, сиыр құймышақ жиналып, түймедей басындағы тостағандай көзі аса бір көркем суретке еніп, ауыл айналасының көзін тартады. Жаз айында болған бір құнан бәйгіде торы құнан «лағып» келеді. Торының даңқының енді ауыл шеңберінен сырт жайылуына осы бәйгі себеп болады.

Құрманғазының бұлай шөп шабу кәсібіне түсуі жай емес - ті. Оны ақылды досы Лавочкин айтқан болатын. Әкімдердің ызаларын аз уақытқа болса да басу үшін момын жалшы болып бірқатар жүру керекін білдірген. Оның үстіне «сақтықта қорлық жоқ» деп Лавочкиннің ақылы бойынша Құрманғазы Құлманда жүрген кезінде әкесінің атын Дүйсембай етіп алған. Оның себебі аз ғана мезгіл болса да тыныштықпен күн көре тұрайын дегендік еді. Құлман болса күйшінің шынында кім екенін білместен қалды. Тек жұмысты аяқтар кезде Құрманғазыны қамаған малайлар:

«Мына тартыс көрінген малайдың маңдайына сиятын тартыс емес қой, шыныңды айтшы, сен өзің кім боласың?» - деп қоймағанын өзінің кім екенін айтып кеткен еді. Ал үйінде болған бір - екі жыл ішінде Құрманғазы өз үйінің отын-суын, шөбін жиып, қора - жайларын дұрыстап беріп, әке - шешесіне біраз қолқабысын тигізді.

Бірақ бұл бейбіт өмір көпке созыла алмады. Ақбайдың Әубәкірі Құрманғазының торы аты жөнінде хабар есітеді. Торының құнан күнінде - ақ бәйге бермегенін жеткізушілер үлкейтіңкіреп, аңызға айналдырады. Өзімшіл Әубәкір:

«Жалаң аяқ Құрманғазыға ондай ат қайдан бітті дейсің, біреуден ұрлап алған шығар, барып тартып алып келіңдер, іздеп келсе, көресіні көрсетерміз ол қарақшыға», - деп екі кісі жібереді. Құрманғазы екеуін екі ұрып аттан түсіріп, босқа «арам тер» болып старшинаның сойылын соғып жүргендерінің ұят екенін бетіне басып: «Көрген-білгендерінді Әубәкірге айта барыңдар», - деп қоя береді.

А.ЖҰБАНОВ,
академик.

(Жалғасы бар).

● ТҰҢҒЫШ ТЕМІРЖОЛШЫ - ИНЖЕНЕР М. ТЫНЫШБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 145 ЖЫЛ!

ДӘУІР САБАҚТАСТЫҒЫ

Мұхамеджан Тынышбайұлының өмірі мен еңбек жолы, қайраткерлігі және де ұлт жолындағы ұлы істерін зерттеу барысында, оның бала күннен бастап бойына «Ұлттық рух, Алаш арманы қалай дарыды? Ұлттық идеологияны қалай сіңірді?» - деген заңды сұрақ туады. Зерттеушілер үшін мұндай сұрақ туындауы заңдылық. Тынышбайұлының азаматтық ұстанымы, саяси көзғарасының қалыптасуы да сол кездегі елдегі жағдай себеп. Елдің басына қара бұлт үйірілгенде саяси жүйеге қарсы ел үшін ат жалын тартып мінетін ер азаматтар тұлғалар шығаратыны сөзсіз. Сондай тұлғаның бірі, Мұхамеджан Тынышбайұлының өмір жолындағы рухтас ағасы – Барлыбек Сырттанұлы. Барлыбекті Мұхамеджанмен байланыстыратын дүние ең әуелі – ол, Алаш идеясы еді. Барлыбек болса – Алаш қозғалысының ізашар буыны. Әлихан Бөкейханның құрдасы, әрі рухтасы.

Мұхамеджан мен Барлыбектің ең алғашқы кездесуі сонау 1890 жылдар еді. Әкесі Тынышбай Мұхамеджанды Алматыдағы ерлер гимназиясына ат жеккен арбамен Лепсіден Алматыға әкеле жатып, жолдан арнайы Қапалдағы Барлыбектің үйіне тоқтайды. Барлыбек ол кезде Петербордан білім алып келген ең алғашқы жетісулық қазақ. Күллі Қапал жұртшылығы Барлыбекті мақтан тұтатын. Сол күні Барлыбекке сәлем беріп, хабарын тыңдауға ауылдың жаскерісі түгел жиналады. Бұл кездесу Мұхамеджанның көңіліне ерекше орын алған сәт болды. Алыстан өз елін, топырағын, ауасын, балдай суын аңсап келген Барлыбек мауқын басқанша көсіле сөйлеп, шерін тарқатады. Күндізден түн ортасына дейін талай қызықты, ғибратқа толы әңгімелер айтылып, қазақтың жай-күйі, елдегі саяси жүйе турасында сөз қозғалады. Патшалық ресейдің бұратана халықтарға жасап отырған озбырлығы, халықты мәденирухани құлдыратып құлдық санаға жеуге, жерін тартып алу, байлығын тонау саясатын сөз қылды. Енді бндай саясатқа қарсы тұрудың жоспарын сұраған көпшілікке, Барлыбек әуелі білім, ғылым, тәрбиенің маңыздылығын, ол арқылы сауаттылықты арттыру, технология мен өндіріске бет бұру керектігі баса айтты. Жоғарыда айтылған әңгімелердің жай-жапсарын, сырын ұққан бала Мұхамеджанның көкейіне ешпес із қалғаны сөзсіз. Барлыбек артынша Тынышбай ақсақал мен Мұхамеджанға ақ жол тілеп, сапарға шығарып салған. Ал, бала Мұхамеджан дәл осы ең алғашқы кездесуден соң, Барлыбекті іштей өзіне ұстаз санай бастаған.

Кейін, Мұхамеджан Верныйдағы гимназия қабырғасында оқып жүргенде Барлыбек Сырттанұлының үйіне жиі барады екен. Олардың үйлеріне барғанда қолға түсе бермейтін, тарихи сирек еңбектерімен танысады. Бұл кезде Барлыбектің Алматыда «Қала бойынша жауапты хатшы», ал, інісі Тұрлыбек болса әскери губернатордың тілшісі болған еді. Ағайынды Сырттанұлының Барлыбек пен Тұрлыбектің қамқор шапағаты мен ақыл-кеңесін алған Мұхамеджан, гимназияны бітіріп Петерборға жол тартады. Ол ондағы 1-ші Александр атындағы мектеп қатынасы инженерлерін даярлайтын институтқа оқуға түсуінің өзі, білімге, оқуға құштар Мұхамеджанның талап-тілегі. Бұған Барлыбек Сырттанұлының да көмегі зор.



Мұхамеджан Тынышбайұлының Петерборда институт қабырғасында өте жақсы оқуы, ол жерде саяси ұйымдармен байланыста болуы, автономияшылар съезіне қатысып, баяндама оқуы да оның бойындағы серпілісті білдіреді. Азат ойлы, жігерлі, жалынды жас арманның қанатына күш біткендей болады. Елдің саяси ахуалына алаңдаған Мұхамеджан Тынышбайұлының ұлт жолында күрес жолы осы кезеңдерден бастау алады. Ол 1905 жылы болатын. Осы жылдан бастап билік өкілі оппозициялық бағыттағы толқулардың үніне құлақ асып, алым-салық төлеп, жерінің шұрайлы, құнарлы бөлігінен айырылып, империяға жем болған қайран жұртының өмірі үшін, азаттығы үшін күресуге кіріседі. Мұхамеджан осы кезеңде рухтас ағасы Барлыбек турасында: «Жаңа военный губернатор Ионов сол 1905 жылы Барлыбекті «чиновник особых поручений» қылып, бұрынғыдан да көтеріп, өз қасына жақындатып алды. Сол жылғы хәм келер жылғы істер көп қазаққа белгілі. Губернаторға осынша жақын бола жүріп ешуақытта өз ойын, өз сырын ешкімнен жасырған емес. 1906 жылы Қояндыға барып Ахметтерге хәм өзгелерге жоттылығып, талай сөздердің ішінде болып, барғанына қарай жиылған жұртқа риза болып қайтты» деп жазған.

Институтты үздік аяқтап өз еліне инженер маман болып келеді. Мұнда ол, қарапайым инженер маман ретінде алғашқы қызмет жолын Жетісу теміржол құрылысынан бастады. Жетісу теміржолын жобалау ісіне қатысады. Мұхамеджанды саяси көзқарасы үшін әскери губернатор М.Ионовқа біреулер сыртынан шағым түсіреді. Ол өзінің айрықша мәселелермен шұғылданатын жауапты қызметкері Барлыбекті шақыртып алып: «Сіздің үйде Мұхамеджан Тынышбайұлы жатыр деп естідім, бұл қалай?» - деп сұрайды. «Сізге жасырын айтылған сөз рас: мен ешкімнен ойымды жасырмаймын, менің сырым өзіңізге де белгілі» - деп, Барлыбек жауап береді. Осы кезден бастап Барлыбек те өзінің Тәуелсіздік жолындағы ұлы істерге толық бет бұратыны белгілі.

1907 жылы Жетісу облысының мұсылман халқы атынан II Мемлекеттік Думаға сайлануы, оның сол кезеңде-ақ халық алдындағы беделі мен сенімге ие болғанын көрсетеді. «1907 жылы Барлыбек көп халқымен мені Алматыдан екістанса жерге дейін шығарып салып, «Қарағым, көп жұрттың тілеуіне кетіп барасың, жолың болсын, Құдай алдыңнан жарылқасын!» деп, құшақтап, батасын берді.» - деп, жазады Мұхамеджан абзал ағасын еске алып. (Барлыбек Сырттанов. «Қазақ», 1915 жыл). Мұхамеджан Тынышбайұлы депутат мінберінен ұлт мүддесі үшін түйткіл мәселелер көтереді. Үкімет басшысы Столыпиннің атына сауал жолдаған. Сауалында: «Қазақтардың жер мәселесі – сөзсіз аса маңызды. Үкіметтің нені көздеп отырғаны түсінікті:

біріншіден, қазақтарды дербес ұлт ретінде жою және бүкіл өлкені орыстандыру; екіншіден, қазақтарды қауқарсыз тобырға айналдыру; үшіншіден, оларды өздерінің қаны сіңген атамекенінен айырып, сусыз шөлге ысырып, өлім құшағына айдауды көздейтін қанқұйлы, зымыян саясат» деп өткір мәселені көтеріп, жер теңдігі үшін күрескен.

Дума таратылып өз еліне келгеннен кейін Мұхамеджан мамандығы бойынша қызметтер атқарады. 1907 жылдан бастап, Барлыбек Сырттанұлын генерал губернатор өзінің саяси көзқарасы мен ұстанымы үшін сенімсіз кадр ретінде қара тізімге енгізеді. Қызметтен болсаң Барлыбек осы кезден бастап Алаш қайраткерлерімен бірге өзінің саяси күресін бастайды. 1911 жылы Петерборда Әлихан мен Барлыбек ұзақ сөйлесіп, елдің Тәуелсіздік жолындағы ұлы мұраттары турасында әңгіме өрбиді. Барлыбекке болашақ Алаш үкіметінің заңы, конституциясы болу керектігін айтып, осы заңды жазып шығуын өтінеді. Бір түнде жазылған алғашқы Алаш заңы «Қазақ Елінің Уставы» деген атпен белгілі.

Алайда, 1914 жылдың күзінде патшаның тыңшылары Барлыбекті жасырын түрде өлтіреді. Сөйтіп, Алаштың ең алғашқы құрбаны осылай мерт болған еді. Егер тірі болғанда Алаш автономиясының құрылғанын көзбен көріп, талай істер тындырар ма еді... Бұл қазаны Мұхамеджан ауыр қабылдайды. Өзінің рухтас ағасы, жерлесі, қамқоршысы, әрі ақылшысы болған Барлыбектен айырылғаны – ұлт жолындағы жауапкершіліктің артқаны деп ұғынды...

Мұхамеджан Тынышбайұлы – қазақтың болашағы, оның тәуелсіздігі үшін күрескен айтулы ірі тұлға. Институт қабырғасын оқып жүрген кезден бастап өмірі қудалауда жүрсе де, ұлт жолында еңбек етуді мақсат санаған қайраткер. Оның қайраткерлігі жоғарыда келтірілгендей барлық салада айқындалды. Патшалық ресей, оның орнын басқан кеңестік билік кезінде де Мұхамеджанның ұлт жолындағы күресі тоқтаған емес. Оның құрлыс саласына, ғылымға, ұлттық идеологияға, Алашқа сіңірген еңбектері зор. Осы айтулы еңбектерінің бәрін қорыта айта келгенде, ұлт жолындағы қызметін – Алаш идеясын іске асыруға қосқан үлесі деп толық бағалауға болады. Алашқа еңбек еткен қос жетісулық ұстаз бен шәкірт те сол кездегі саяси қуғын-сүргін құрбандары. Бірі – патшалық ресейдің сайқал жүйесіне қарсы тұрамын деп мерт болса, екіншісі патшалық ресейдің отарлау саясатын жалғастырған кеңестік биліктің құрбаны.


Қалқаман
АБДЫРАХМАНҰЛЫ,
ақын, публицист.

● ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!

Халқымыздың ежелден құт - береке дарыған, жыр мекені жайсаң Ақсу елінде туған, жерлесіміз жыр дүлдүлі атанған Ілияс Жансүгіровтың туғанына биыл 130 жыл толып отыр.

Жүрегім жырым сенікі, Кеңесті далам кең далам. Ен далам – анам, мен – балаң Ендеше қалам бер маған деп жырлап кеткен Ілияс Жансүгіровтың қаламынан түрлі жанрда тамаша туындылар шыққан, қазақ әдебиет өнерінде өшпес із қалдырған ақын екені бәрімізге мәлім.

Ілияс Жансүгіровтың биылғы 130 жылдық мерейтойына арналған «Жыр құлагері – Ілияс» атты поэзия кеші «Ақын Сара» мәдениет үйінде өтті. Шараға кітапхана оқырмандары, Ақсу жастар филиалы қатысты. Қазақтың сөз өнерінде қайталанбас қол таңбасы бар ақын шығармашылығына арналған «Жырдың жарық



ректоры Дүйсекова Элмира Жұмағазықызы мен Ақсу жастары филиалының жетекшісі Тілеубергенова Балғын Айдарқызы Ілияс аталарының мерейтойына өлең оқып, ән айтқан оқырмандарға кешке қатысқан қонақтарға

Жыр құлагері – ІЛИЯС

жұлдызы» атты кітап көрмесімен Ақсу аудандық орталық кітапханасының библиографы Гүлшат Тұрсынқызы таныстырды.

Ілияс ақынның өз елі, өз жерінің байлығы мен сұлу табиғатының өсем көріністерін суреттейтін өлеңдерін бір топ кітапхана оқырмандары жатқа мәнерлеп сахна терінде айтты. Ұлы ақынның мұраларының ішінде ең шоқтығы биік мұралары поэмалары болса, Құлагер поэмасынан үзіндіні Бақберген Аруна оқыды. Кеш соңында Есімханұлы Қалқаман мен Фазылжан Ұластың орындауында ән мен күй шырқалды. Ақсу аудандық кітапхана ди-

алғыстарын айтып тілектерін білдірді. Қаламгердің сан-салалы асыл мұраларының құны жойылмайтынын осы баға жетпес дүниелерді зерделеу – қазіргі өсіп келе жатқан жас ұрпақ еншісінде екенін атап өтті. Ілияс бабамыздың шығармалары ғасырдан ғасырға мәңгілікке жалғасары сөзсіз. Жастарға кітапхана оқырмандарына жыр дүлдүлі ақын бабамыздың асыл мұрасынан тілімізге, дінімізге, мәдениетімізге сай тәлім – тәрбие алып, жыр бұлғағынан сусындай берейік дегім келеді.

Бақытгүл
АБДЫРАХМАНОВА,
аудандық балалар
кітапханасының меңгерушісі.

ДАРЫНДЫ - ІЛИЯС АҚЫН



Биыл қазақ ақыны, драматург, прозаик, фельетоншы, сатирик, журналист, аудармашы және қоғам қайраткері. Қазақстан жазушылар одағының тұңғыш төрағасы, жерлесіміз Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл. Аталмыш шара жақында облыс көлемі бойынша зор салтанатпен аталып өтетіні беогілі. Осы мерекелік датаға байланысты Ақсу ауылдық кітапханасында «Дарынды - Ілияс ақын» атты әдеби кеш өткізілді.

Шараға ауылдағы "Мамания" орта мектебінің төменгі сынып оқушылары қатысып, ақынның өлеңдерін, поэмаларынан үзінділер оқыды. Негізі біздің ауылдағы "Мамания" орта мектебінің оқушыларының барлығы атамыздың өлеңдерін жатқа айтады.

Шара алдымен Ілияс атамызға арналған кітап көрмесін тамашалаумен басталып, оқушылар атамыздың өмір тарихымен, еңбектерімен танысып, өлеңдерін жатқа айтты.

Кеш жүргізушісі, ауылдық кітапхана қызметкерлері оқушыларға аталарының алғаш өлең жазуды өздері сияқты бала кезінен бастағанын айтып, сендер де осы бастан бастап кітапті көп оқып, білімдеріңді жетілдірсендер келешекте сондай танымал, мықты азамат боласыздар. Сол үшін бос уақыттарыңда ұялы тедифонмен ойнағанша кітапханаға келіп әдеби кітаптар оқындар - деп кітапханаға шақырды. Оның дәлелі ақынның «Балдырған», «Қызыл жалау» атты өлең дәптерлері кейін 1957 жылы Ұлттық кітапханадан табылғанын айтты. Шара соны ауылдағы І.Жансүгіров атындағы мұражайда жалғасты.

А.РАЙЫМҚҰЛОВА,
Ақсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2% құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 84, Текелі - 6, Ақсу - 2, Алакөл - 9, Ескелді - 8, Кербұлақ - 6, Көксу - 1, Қаратал - 4, Панфилов - 1, Сарқан - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері "WhatsApp" мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар "WhatsApp" мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені "WhatsApp" қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңіз дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы ҚазПштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сак болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми "App Store", "Play Market" және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Жетісу облысы бойынша Департамент бастығы, аға әділет кеңесшісі.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналы басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен-жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін

берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурстарда қолжетімді ету болып табылады (<https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web>);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжаттың басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп тұседі. Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімінен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдың біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qatqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзінің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады. Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдап отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданып.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы аспостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филиалдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Алия БЕКСҰЛТАНОВА,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің
аға прокуроры.

Міл - халықтың алтын діңгегі

Ана тілі қазіргі және келешек ұрпағын мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал боп табылады. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Біздің ана тіліміз-қазақ тілі. Қазақ тілі – дүниежүзіндегі ең бай, беделді де бейнелі тілдердің бірі.

Өткірдің жүзі, Кестенің бізі Өрнегін сендей сала алмас. - деп ұлы Абай атамыз таңырқап тағзым еткен болса. Жиырма-сыңшы жылдары тіл мәртебесін ту етіп көтерген Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бүкілхалықтық қозғалыс – соның айғағы.

Туған тіліміз үшін өмірін арнаған қаншама ақын –жазушыларымыз бар. Басынан қандай зұлмат өтсе де дәстүрі мен тілінен айырылмау, бұл әрбір қазақ үшін немесе жүрегі қазақ деп соғатын адамзаттың баласына тән қасиет секілді. Қазағымның болашағы үшін деп маңдай тері мен қанын бірдей төккен арыс азаматтарымыз, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұв атамыз, қазағымның балалары сауатсыз болмасын деп, қатарынан қалмасын деп, басқа елдің езгісіне бергісі келмей, қазақтарды білім нәрімен сусындатқысы келіп, қазақ әліпбиін ойлап тапқан еңбегінің езі бөлек әңгіме. Қазағымның көгіне өрмелеп шығып күн болам деп, қазақтың жастарын бірлікке шақырып, өзге ұлттың боданын да мәртебесінің төмен болмауын, қазақ жастарының болашағын ойлап, қан жұтып кеткен Мағжан Жұмабаев атамыздың еңбегі біз үшін құнды дүние болып қалмақ.

Қазақтың репрессияға ұшырап кеткен қаймақтарының жанын қиып, өзінің елі үшін, өзінің тілі үшін жаны ашып, өмірлері өкінішпен өтіп кеткен арыстарымыздың еңбегін, солардың қанымен келген қазақтың тап-таза тілін қорлауға болмайды. Тіліміздің шұбарлануына біз жол бермеуіміз керек. Солардың ішінде нағыз ұлт жанашыры, ұлжанды қайраткеріміз Мұхтар Шахановта былай деген еді.

Тілің қайда, дінің қайда, қазағым? Кей халықтың мазағына айналдың. «Қазақстан», деп аталған соң еліміз, Қайда сенің ана тілің, қазағым? - деп айта, Ана тілің арың – бұл, Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте.- деп Қадір атамыз айтқандай, өзге тілдің бәрін білсекте өз тілімізді құрметтеп мәртебесін биікке көтеріп жүрейік. Ата – бабаларымыз көксеген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз – ұлттық рухты көтеріп,тілімізді құрметтеу.

«Қазақ тілі – рухани байлығымыздың қайнар бұлағы», деп бекер айтылмайды. Қазақ елінде, қазақ жерінде қазақ тілі өркендеуі тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір-қасиетін өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек. Қазақ халқының ақын, жазушылары, шешендері өте көп. Олар қазақ тілінде еркін сөйлейді, өз ойын толық айта алады, өйткені қазақ тілі - өте бай тіл. Ана тілі ана сүтіндегі өте қасиетті. Сол үшін біз қазақ тілінің мәртебесін көтеруіміз керек, басқа ұлттарға үлгі көрсетуіміз керек. Тілсіз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ. Соған орай қазаққа «Білім кілті - тіл» деген мақал бар. Бұл әдебиетті, ғылым білімді мәдениетті өркендетеді деген ұғым.

Мемлекеттік тіл – татулық пен бірліктің тірегі.«Тіл тағдыры – ел тағдыры» - деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Туған тілдің абыройын асқақтату - әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт - санамыз бен дініміз де осы ұлттық мәдениет пен тілімізден жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отан сүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

«Өнер алды – қызыл тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» деген сөздері халқымыздың орынды сөзге қандай мән бергенін көрсетеді. Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз ешқашан қол қусырып отырған емес.

Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Себебі, әр ұлттың тілі – оның бақыты, тірегі. Ана тілінде таза сөйлеу, оған деген оң көзқарас ең зор адамдық, мәдениеттілік, тәрбиелілік болып саналады. Тіл мен қарым қатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершілік пайда болады.

Мемлекеттік тілімізді мейлінше

кемелдендіруге, осы күні қаны жерге таңбай тұрған аса ділгір мәселе – тіліміздің мәртебесін ту етіп көтеруге қосылған үлкен үлес. Ана тілін қадірлеу – мемлекетіңді, ұлтыңды, өзінді қадірлеу. Қазақстан егемендігін баянды етіп, оны әлемдегі озық елдердің қатарына қосу үшін мемлекеттік тілдің жетекші рөл атқаратындығын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, өз отанының нағыз патриоты етіп тәрбиелеу – бәрімізге ортақ қасиетті парыз.

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұңғыш лайлау.

Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы ана тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюімен тығыз байланысты. Сондықтан туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезіңнен басталуы тиіс. Айналанды танып білу, туған тіліңді білуден басталады.

Тілді үйрену - өз ұлтыңды тану. Ұлттық тілді білу ұлт ділін, қасиетін, мінезін, ой, жан – дүниесін, сырын білу екенін, халықтық мәдениет пен дәстүрді жаңғырту болатынын естен шығармайық. Тілді оқулықтан үйрену өте мардымсыз болады. Бай қазынаны игеру қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады. Қазақ тілі туған тіліміз екендігіне өте қуаныштымын және мақтан етемін.

Қазақ тілінің болашағы жарқын болсын десеңіз мен тіл жанашыры ретінде мынадай кеңестер берер едім: біріншіден, көркем әдебиетті көп оқыған абзал. Есімдері белгісіз авторлардан, кітапты бизнес үшін жазатындардан аулақ болып, классикалық туындыларға баса мән берген жөн. 15-20 кітап оқығаннан кейін сіздің де сөздерді құбылта сөйлеуге ынтаңыз ашыла бастары анық. Екіншіден, шешендік сөздерді оқып, мақал-мәтелдерді жаттауға кеңес беремін. Сөз арасына қанатты сөздерді қосып, мақалдатып сөйлеу адамның білімділігінен хабар береді. Міне, осы кеңестерге құлақ түрсек, біз қазақ тілінің болашағын жарқын ете аламыз.

Сабира РАХИПБЕКОВА,
аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы.



Муғары биік туған тіл

Қазақ тілінің құдіретін қанша сөзбен айтсақ та, оны жеткізу мүмкін емес. Кезінде талай ғалым, жазушы, зерттеушілер осы қазақ тілінің қандай көркем тіл екенін айтқан еді. Соның бірі Мелиоранский: «Қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең таза, әрі бай тілге жатады. Қазақтар - шешен әрі әдемі сөйлеудің хас жебері... Қазақтар халық әдебиетіне аса бай әрі жан-жақты», - деген. Расымен де, қазақ тілі сүбелі сөзге, мақалға, шешендік сөздерге бай. Ана тіліңмен қатар басқа халықтың тілін білу сол елдің тіліне көшті деген сөз емес, ол адамның өз-өзін шыңдауы. Тіл тұғырының биікке көтерілгені - халық мәртебесінің жоғарылауы. Өз тілінің қадірін біліп, байлығым деп санасаң жеке мемлекет ішінде тіл мәселесі көтерілмес еді. Біздің Туымыз, Елтанбаеміз, Өнұранымыз, мемлекеттік тіліміз ұлтымыздың көкке ұстар тірегі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында бүгінгі күнгі қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне баса назар аударды. Алдағы уақытта туған тіліміздің мәртебесі күшейіп, ұлттаралық қатынас құралына айналатынын жеткізді. Бұған дейінгі кездесулерде де Мемлекет басшысы тіл тақырыбына қатысты ұтымды ойын білдіріп келді. Қазіргі жаһандану заманында бұл мәселе ешқашан өзектілігін жоймайды.

Егемендік алып, тәуелсіздік тәжин кигелі ширек ғасырға таяу уақыт өтіп, еліміз түпкілікті жаңару үдерісін бастан өткерді. Біз төл тарихымызды қастерлеп, мемлекеттілігімізді нығайтып, әлемдегі алпауытты елдердің сана-

тына енді мақсат еттік. Ғасырлар қойнауынан тарихымыз, тіліміз сондай анық, таза күйінде бізге жеткен қастерлі мұрамыздың бірі-бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы, мемлекетіміздің тұғырлы тірегі, өткені мен болашағының айқын көрінісі, мемлекеттік тіліміз-қазақ тілі.

Бойымызға анамыздың сүтімен дарыған ана тілімізді ардақтап,

ұрпақтан- ұрпаққа жеткізу басты парызымыз. Ана тілінің қадір-қасиетін ерте кезден ақ түсіне білген халқымыз оны қасиетті мұраға балап, қастерлейді. Қазақ тілі ерте кезден-ақ оралымды, ырғақты, аса қуатты, бай тіл. Ол жан дүниеміздің айнасы, тәуелсіздігіміздің айғағы іспетті.

Елбасымыз «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы айтып, алдымызға айқын, жол ашып берген болатын. Енді осы жолда бірігіп еңбек ету ғана қалды. Тіл тағдыры - ел тағдыры. Демек, бұл бір адамға ғана қатысты емес, барлық қоғамға қатысты. Әр халықта тіл сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы ғана емес, өзге елдердің алдында дәрежесін айқындап, тарихынан хабар беретін, еңсесін биік көтеріп, болашағына болжам жасайтын қастерлі де қасиетті тұғырлы қаруы екені мәлім.

Әр адамның азаматтық қасиетті-салт-дәстүрін сақтаумен, өзінің туған жерін, атамекенін сүюмен, өзінің ана тілін білумен өлшенбек. Біліп қана қоймай, күнделікті тұрмыста қолдану аясын кеңейтіп, тілге деген жанашырлық сезімінің болуынан көрініс табады. Ендеше, татулық пен тұрақтылықтың негізінде болған туған тіліміз тұғырлы, тәуелсіздігіміздің ғұмырлы болуы үшін баршамыз тіл мерейінің жоғарылуы үшін әрекет ету қажеттілігі туындап отыр. Туған тіл - тіліміздің мерейі үстем болсын!

М.АСЫЛХАНОВА,
Б.Сырттанов ауылдық клубының әдіскері.

Игі істер жасайық!



Болашақ өсіп келе жатқан жас өмірге, өнерге құштар жас ұрпақ-мемлекетіміздің басты құндылығы екені баршаға аян. Осы құндылығымыздың толыққанды сапалы білім алып, саналы азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету басты міндет болып саналады.

Осыған орай, жаңа оқу жылының қарсаңында жыл бойы жалғасын табатын «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында Қ.Терібаев атындағы орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығымен коммуналдық мемлекеттік мекемесінде белсенді жұмыс жүргізілуде. 2024 - 2025 жаңа оқу жылында ұйымдастырылған «Мектепке жол» Республикалық акциясы «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен

өткізіліп отыр. Акция 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығын қамтитын болады. Аталмыш акцияның басты мақсаты - әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан, ата – ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларға материалдық тұрғыда көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу болып табылады.

«Мектепке жол» Республикалық акциясы өлі де жыл бойы жалғасын табады және оқушылардың әлеуметтік жағдайы басты назарда болады. Осыған байланысты мектебіміздің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарына және акцияға үлес қосып, демеуші болам деген тұлғаларға мектеп әкімшілігіне жолығуларын өтінеміз.

Жақсылық жасау - күн шуағындай адам жүрегін нұрға белейді. Ал, балаға қуаныш сыйлау бақыттың биік шыңы. Осы орайда акция аясында мектеп оқушыларына көмек көрсетіп қол ұшын созған әрбір демеушілерге тағы да шексіз алғыс білдіреміз.

Назира БАШАЕВА,
Қ.Терібаев атындағы орта мектебінің әлеуметтік педагогы.

● МАМАН КЕҢЕСІ

СІБІР ЖАРАСЫ – аса қауіпті ауру!

Сібір жарасы адамға сырқаттанған ауылшаруашылық малдары мен жануарлардан жұғады. Жұқпа көзі – ауылшаруашылық малдары (сиыр, қой, ешкі, жылқы, түйе, шошқа тағы басқа).

Сібір жарасының қоздырғышы сыртқы қоршаған ортада төзімді, топырақта 100 жылдан астам сақталады.

Малдар бұл аурудың қоздырғыштарын көбінесе жаз, күз айларында, әсіресе құрғақшылық жылдары сібір жарасынан қолайсыз деп есептелетін жайылымдардағы топырақтан, судан жұқтырып ауырады.

Ал адамдарға сібір жарасы ауырған малдарды сою, терісін сыпыру, етін жіліктеу, тамаққа пайдалану, жүнін өңдеу кезінде және ауырған малдары бар қоралардағы шаң – тозаң арқылы жұғады.

Сібір жарасының ең көп таралған түрі – терінің зақымдануы (қол, мойын, бет, аяқ, т.б. мүшелер). Қоздырғыш енген теріде дақ пайда болып, 2-3 күн өткен соң күлдіреген бөртпеге айналады, қан араласып жара қара түске болады. Дене қызуы 39 - 40 С дейін көтеріледі, уақытында ем қолданылмаса, ауру өліммен аяқталуы мүмкін.

Сібір жарасының алдын алу үшін:
- жыл сайын малдарды сібір жарасына қарсы егу;

- малдары кенеттен ауырған немесе өлгенде, малды соятын немесе сататын жағдайда міндетті түрде мал дәрігеріне хабарлап анықтама алу;

- мал немесе мал өнімдерін сатып алу кезінде, сауышылардан мал дәрігерімен берілген анықтаманы талап ету және ет өнімдерін арнайы сату орындарынан ғана алу қажет;

- сібір жарасына шалдыққан малдар көмілген жерлерде қазу, құрылыс жұмыстарын жүргізуге болмайды, олар қоршалып тактайшамен белгілену керек.

Ең тиімді шаралардың бірі сібір жарасына қарсы жұқтыру қауіпі жоғары адамдарды иммундау. Олар: ветеринария саласының мамандары, ет комбинаттарының, мал сою пункттерінің және мал шаруашылығының ішкі сауда объектілерінің жұмыскерлері, сібір жарасы қоздырғышына зерттеу жүргізетін зертханалардың қызметкерлері, малдан алынатын шикізатты жинау, сақтау, тасымалдау және өңдеумен айналысатын адамдар.

Есіңізде сақтаңыз! Аурудың алғашқы белгілері білінгенде дереу дәрігерге көрініңіз!

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2179

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.